

Жеңіс күні бәріміз үшін айрықша қымбат, қасиетті мереке. Бұл тек, сол соғыста жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес. Ол – сол соғыста Жеңісті жақындату үшін жан аямай шайқасып, қан майданнан оралмай, еліміздің берік қорғанындай болып қалған арыстарымызды еске алатын күн.

## Предлагаем прочитать книги о Великой Отечественной войне


1. Жеңіс.=Победа [Мәтін] : фотоальбом. - Алматы: Өнер, 2005. – 80 б.
2. Жұмағалиев, Б. Қазақтар Ленинград майданында [Мәтін] / құраст.: Б.Жұмағалиев. – Астана: Елорда, 2005. - 184 б.
3. Сквозь пламя войны [Мәтін] / авт. – сост. Л.Ю.Гирш, Л.Б. Мананникова. – Алматы: Жибек жолы, 2005. - 436 с.
4. Олар Жеңіспен оралды! Они вернулись с Победой! [Мәтін] : Ескерткіш кітабы. – Костанай, 2010. – 370 с.
5. Панфиловцы [Текст] : сборник воспоминаний / сост. Д. Снегин и [др.]. – Алма –Ата: Жалын, 1985. - 256 с.



**Құрастырушы:**
Тутина Ботакөз Қалиқызы
(орталық аудандық кітапханашысы)
**Мекен -жайымыз**:Жітіқара қаласы, 13 үй
**Байланыс телефонымыз**: 8714352-09-53
E-mail: kniga_ jitikara@mail. ru


**«Жітіқара ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдері дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жітіқара аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**




**Жітіқара**
**2015**



Сіздерге, ардагерлер, бас иемін!
Жеңіс күн, бүгінгі күн, той торқалы,
Бөлеген қуанышқа ел – ортаны.
Құттықтап ардагерлер бас иемін,
Төгілген ащы тері, қасық қаны.
Ана бар ма көз жасы төгілмеген,
Ұлын жоқтап күндіз – түн егілмеген.
Шырылдап «жеңіс» тілеп сәбилер де,
Жан қалмады қабырғасы сөгілмеген.

**Жеңіс күні** — Қазақстанда мамырдың 9 Жеңіс күні мемлекеттік мереке болып табылады. «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» Заң нормаларында ұлттық мереке күндері демалыс болып саналады, ал демалыс күндері мен мереке күндері сәйкес келген жағдайда мейрам күнінен кейінгі жұмыс күндері демалыс күндері болып саналады.

1941—1945-жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысына 35 млн адам, соның ішінде 1,5 млн қазақстандық қатысты. Бұл республика халқының 18 бен 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызы. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шақты полктар мен батальондар шайқасты. Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанын қия қорғап, Украина мен Беларусьті, Прибалтика мен Молдованы азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына қатысты.

Ондаған мың қазақстандық ерен еңбегі мен ерліктері үшін марапатталса, бес жүзден астам адам Кеңес Одағының Батыры атанды, төрт адам бұл атаққа екі мәрте ие болды, 142 адам Даңқ орденінің толық жинағының иегері атанды.




